



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Балабақшаға кезекке тұрудың біріңғай жүйесі іске қосылады

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте білім саласын дамытудың өзекті мәселелері қаралды, деп жазады Egemen.kz.

Бұл туралы Премьер-Министрдің баспасөз қызметі ақпарат таратты.

Оқу-ағарту министрлігі халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан бала-ларға мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жекеменшік мектептерде оқу кезінде Жаппай оқыту қорынан көмек алуға мүмкіндік беруді ұсынды. Бұл қаражат бала-

сы бойынша біз білім беруге қомақты қаражат бөлеміз және жаңа бастамаларды іске асыруға қосымша ақша бөлуге дайынбыз, бірақ сапа мен тиісті бақылауды қамтамасыз ету қажет», деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар кеңеске қатысушылар орталықтан-дырылған деңгейде балабақшаларға бірыңғай кезекті іске қосу мәселесін талқылады, бұл бюджет қаражатын үнемдеуге және орындарды бөлу кезінде сыбайлас жемқорлықты болдырмауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, екінші деңгейдегі банктер қосымшалары мен Еgov арқылы кезекке тұру

Бұл туралы Мемлекет басшысы Маңғыстау облысы жұртшылығымен кездесуінде айтты, деп жазады Egemen.kz.

«Маңғыстау – бала туу көрсеткіші бойынша бірінші орында тұрған өңір. Бұл – қуантарлық жайт. Сондықтан, демографиялық өсім болған жерде міндетті түрде тиісті әлеуметтік инфрақұрылым да болуы қажет. Себебі, ана мен бала денсаулығының мықты болуы – елдің даму көрсеткіштерінің бірі», деді Президент.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Кемелұлы денсаулық сақтау жүйесі талапқа сай болуы керектігін атап айтты.

«Сапалы медициналық қызмет облыстың барлық тұрғындарына қолжетімді болуға тиіс. Биыл менің тапсырмаммен Мұнайлы ауданында орталық аурухананың құрылысы



Президент Маңғыстаудағы медициналық ахуалды жақсартуға қаржы бөлуді тапсырды

басталды. Жедел жәрдем қызметтерін, санитарлық автокөліктерді қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз ету керек. Барлық аудандардың жедел жәрдем бөлімшелері гимаратқа жарымай отыр», деді Тоқаев.

Президент өз сөзінде облыс орталығында көпбейінді аурухана және жаңа жедел жәрдем станциясын салу мәселесін қарастыру қажеттігін және үкіметке осы мәселелерді пысықтап, шешу үшін қаржы бөлуді тапсыратынын айтты.



ларды мектеп формасымен, тамақпен қамтамасыз ету сияқты жұмыстарға жұмсалмақ. Қазіргі уақытта бұл норма мемлекеттік мектептерде ғана қолданылады. Премьер-Министр бұл ұсынысты қолдады.

Сондай-ақ қиын жағдайға тап болған және мемлекеттік тапсырыс алатын балабақшаларға баруға мүмкіндігі жоқ отбасылардан шыққан балалар үшін тамақтануға ақы төлеу тетігін іске асыру мәселесі қаралды. Бұл шараны 2023 жылдың басында іске қосылатын «Отбасының цифрлық картасы» сервисі арқылы жүзеге асыру ұсынылды. Алдағы уақытта азық-түлік шығындарын төлеу үшін дағдарыс жағдайындағы отбасылардан шыққан балалар анықталады.

Әлихан Смайылов мемлекеттік органдардың қажетті ақпараттық жүйелерін интеграциялауды аяқтауды және осы бастаманы қаржыландыру тетігін пысықтауды тапсырды. Бұл ретте ол қаражатты мақсатсыз пайдалануды болдырмау үшін олардың тиімді игерілуін бақылауды қамтамасыз ету қажеттігіне назар аударды. «Президенттің тапсырма-

және тиісті жолдама алу қарастырылған.

Әлихан Смайылов бұл бастаманы қолдап, жаңа жүйеде ұйымдастырушылық тәртіпті, оның ішінде қосарланған кезекті болдырмауды, балалардың деректерін тексеруді және толық қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

Сондай-ақ кеңесте мектептерде ағылшын тілін оқытудың сапасын жақсартудың жаңа тәсілдері, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, білім беру ұйымдарын сапалы интернетпен қамтамасыз ету, педагог-ассистенттердің арнайы штаттарын енгізе отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін балабақшалардың қолжетімділігін кеңейту, мектеп педагогтерін Жаппай оқыту қоры бойынша төлемдерді белгілеу бөлігінде кәсіби құзыретіне жатпайтын функциялардан босату, колледждердің техникалық базасын жаңарту, тәрбиешілердің мәртебесін және жалақысын көтеру мәселелері, сондай-ақ басқа да бірқатар бастама қаралды.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Рақымшылыққа ілінгендердің жалпы саны белгілі болды

Бас прокуратура қаңтар айындағы тәртіпсіздіктерге қатысқан бес азаматқа рақымшылық жасау арқылы қылмыстық қудалау тоқтатылғанын хабарлады. Қалғандарына қатысты сот шешім қабылдайды, деп хабарлайды Egemen.kz.

«Алдын ала мәліметтер бойынша, рақымшылық жасауға жататын адамдардың жалпы саны шамамен бір жарым мың адамды құрайды», деді ОКҚ брифингінде Бас прокуратураның бірінші қызметі бастығының орынбасары Елдос Қылымжанов.

Ол Бас прокуратура жергілікті прокурорларға «Рақымшылық туралы» заң нормаларының заңдылығын және біркелкі қолданылуын қатаң қамтамасыз етуді тапсырғанын түсіндірді. «Бүгінгі таңда жазаны орындайтын органдарға 878 сотталушыға қатысты жазаны қысқарту және жазадан босату туралы ұсыныстар жіберілді. Тергеу органдары сотқа дейінгі кезеңде ауырлығы орташа қылмыс жасаған 5 күдіктіге қатысты қудалауды тоқтатты», деп түсіндірді Е.Қылымжанов.



Қазақстанда Сот әкімшілігі пайда болады

ҚР Жоғарғы Соты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «ҚР Сот әкімшілігінің кейбір мәселелері туралы» Жарлығын дайындады, деп хабарлайды Egemen.kz. Атап айтқанда, Сот әкімшілігінің жұмысы туралы ереже әзірленді, ол ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінен қайта құрылды.

Сот әкімшілігінің міндеттері:

Сот әкімшілігі саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және жетілдіру;

Сот төрелігін толық және тәуелсіз іске асыру үшін қажетті және жеткілікті жағдайлар жасау;

Сот жүйесі мен Соттардың қызметін жетілдіруге бағытталған жүйелі реформаларды әзірлеу.

Сот әкімшілігі ҚР Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа да соттардың қызметін ұйымдық-құқықтық, ақпараттық-талдамалық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган болып есептеледі.

«Мұндай тәсіл арқылы Судьялар корпусы сот төрелігін жүзеге асыру мәселелеріне толығымен шоғырланатын болады», делінген түсіндірмеде.

Сот Әкімшілігінің құрылымында ҚР Жоғарғы Сотының аппараты құрылады.

Айта кетсек, Сот әкімшілігінің қызметкерлері жалақы деңгейі, материалдық, қаржылық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етудің өзге де шарттары бойынша ҚР Премьер-Министрі Кеңесінің және ҚР Парламенті Палаталары аппараттарының қызметкерлеріне теңестіріледі.

Құжат 18 қаңтарға дейін ашық талқылау үшін Ашық НҚА сайтында орналастырылған.

20 қараша 2022 ✓

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ШЕТЕЛДЕ ДАУЫС БЕРУ



Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелері бойынша сайлаушылар тізіміне енгізілетін азаматтар:



- шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген
- жеке шақыру бойынша келген
- қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген



Оларда ҚР азаматы деген жарамды паспорты болған жағдайда

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімімен сайттарда танысуға болады:

www.gov.kz/memleket/entities/mfa
www.election.gov.kz



20 қараша 2022 ✓

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ПРЕЗИДЕНТТІККЕ КАНДИДАТТЫ ҚОЛДАУ ҮШІН ҚОЛ ЖИНАУ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

Кандидатты сайлаушылардың жалпы санының кемінде 1% қолдауы керек



Сенім білдірілген адам:

Қол жинаушы адам кандидаттың сенім білдірілген адамын тіркеу туралы куәлікті көрсетуі тиіс

Қол жинауды ұйымдастырады



Қойылған қолдардың дұрыстығы 5 күн ішінде тексеріледі

Қол қою парақтары аумақтық сайлау комиссиясына тапсырылады



Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

20 қараша 2022 ✓

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНДЕРІНЕ ЕНГІЗУ



Сайлаушылар тізіміне тұрғылықты жері бойынша тіркелген ҚР азаматтары енгізіледі

Сайлаушы өзінің болатын жері бойынша учаске тізіміне енгізу жөнінде әкімдікке өтініш беруге құқылы



Азамат сайлаушылардың бір ғана тізіміне ене алады

Сайлаушылар тізімінде бар-жоғын тексеріп немесе тізімге енгізу үшін қайда жүгіну қажет екенін әкімдіктің сайтында немесе жергілікті атқарушы органның Call-орталығына қоңырау шалу арқылы тексеруге болады



2022 жылғы 4 қарашадан бастап азаматтарды дауыс беру орны туралы хабардар ету ұйымдастырылады



20 қараша 2022 ✓

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ШЕТЕЛДЕ ДАУЫС БЕРУ

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелері бойынша сайлаушылар тізіміне енгізілетін азаматтар:

- шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген
- жеке шақыру бойынша келген
- қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген

Оларда ҚР азаматы деген жарамды паспорты болған жағдайда


Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімімен сайттарда танысуға болады:

www.election.gov.kz
www.gov.kz/memleket/entities/mfa



Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

Абай болыңыз!



Алаяқтарға арбалып қалмаңыздар

Осы аптада Созақ ауданы бойынша жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті. Кеңеске Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің сектор меңгерушісі А.С.Алтыбай, Түркістан облысының кәсіпкерлік палатасының Созақ аудандық филиалының директоры А.Анарбаев, «TURKISTAN» Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» КММ Созақ аудандық бөлім басшысы Д.Матенова, жеке кәсіпкерлер қатысып отырды. Күн тәртібінде Түркістан облысының полиция департаменті Созақ аудандық полиция бөлімінің 2022 жыл 07 қазандағы № 4-3-51/2012-И ұсыныс хатына байланысты, аудан тұрғындары мен жеке кәсіпкерлер арасында тауарлы несиені қолма қол ақша жасаудан алаяқтық құрбаны болу ықтималдығымен бұл істің кері әсерлері туралы профилактикалық жұмыс жүргізу туралы. Хабарламаны Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің сектор меңгерушісі Алтыбай Алматы Серікбайұлы жасады. Қазіргі таңда, аудан тұрғындары арасында тауарлық несиені рәсімдеу арқылы қолма қол ақша (обналичка) жасау кеңінен таралып жатыр. Кейбір жеке кәсіпкер ретінде тіркелген азаматтар өздерінің атынан банк қосымшасына тіркеліп, шартты түрде тауар сатып, жоқ тауардың есебіне жалған шарт жасап, жалпы ақшаның бір шама пайызын иемденіп оңай ақша табумен айналысуда.

Азаматтар мен жеке кәсіпкерлер арасында тауарлы несиені қолма қол ақша жасауда алаяқтық құрбаны болу ықтималдығы орын алуда.

Ал алаяқтар болса, өздері жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп немесе осындай әрекеттермен айналысып жүрген жеке кәсіпкерлердің көмегімен ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен өз қылмыстарын жасап жүр.

Азаматтардың атынан тауарлық несиені жасап ол ақшаны қолма қол жасаумен кейбір жеке кәсіпкерлер өздерінің қалауынсыз көмектесуі орын алған жағдайларда бар. Интернет алаяқтықтың кең тараған түрі желідегі сауда алаңдарындағы түрлі хабарландырулардан басталады. Аталған жағдайлардың орын алуына себепкер болмауы үшін, жеке кәсіпкерлік иелерін аталған қызмет түрінің өзіндік жауапкершілікке әкелетін жағдайларын ескертіп, сатып алу-сату шарттары міндеттемелерін заң шеңберінде дұрыс орындауға шақырамыз.

Бүгінгі таңда көптеген азаматтардың өмірін ұялы телефонсыз және интернетсіз елестету қиын. Азық-түлікке, тауарларға тапсырыс беру, төлемдерді төлеу және тағы басқаларын үйден шықпай-ақ жасауға болады, кейбіреулер үшін бұл уақытты, ақшаны үнемдеуге және олардың өмірін мүмкіндігінше жеңілдетуге тамаша мүмкіндік, ал басқа азаматтар үшін өте зор алаяқтық әрекеттің өрісі ашылады.

– Бес жыл ішінде жүргізілген талдау мынаны көрсетті: 2016 жылы Алматы қаласында 56 интернет-алаяқтық тіркелді, 2017 жылы–90, 2018 жылы–142, 2019 жылы–666, 2020 жылы–1 677, тек осы жылдың бес айында 1 589 тіркелген. ПД-де және аумақтық бөлімшелер-

де алаяқтықтың осы түрін ашу үшін арнайы топтар құрылды, олар 67 интернет-алаяқты ұстады. Сонымен қатар, интернет үнемі бақыланады, анықталған алаяқтық сайттар мен сілтемелердің тізімдері ішкі істер министрлігіне одан әрі бұғаттау үшін апта сайын жіберіледі. Жыл басынан бері жарнамалар жіберуге арналған әлеуметтік желілер мен платформалардағы 147 сайт пен алаяқтық аккаунттар бұғатталды, – деді тиісті сала мамандары.

Сонымен қатар, спикер Интернеттегі алаяқтықты ашу мен тергеу белгілі бір қиындық тудыратынын атап өтті, өйткені бұл трансшекаралық сипатта, жәбірленуші бір аймақта, қылмыскер басқа аймақта. Әртүрлі банктік шоттар, пластикалық карталар қолданылады, абоненттік нөмірлер жиі үшінші тұлғаларға рәсімделеді, қолма-қол ақша жалған адамдар арқылы жүзеге асырылады. Ең көп зардап шеккен платформалар: «Olx.kz», «Kolesa.kz», «Krisha.kz», «Market.kz», әлеуметтік желілер: «Instagram.com» және «Vkontakte.com». Интернет-алаяқтықтың негізгі түрлері: онлайн-несиелер рәсімдеу, сайттар арқылы әртүрлі тұтыну тауарларына тапсырыс беру; банктің қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері ретінде өздерін таныстыратын қылмыскерлердің шоттардан ақшаны ұрлауы; ақшаны тиімді салу сылтауымен әртүрлі жобаларға, ойындарға, инвестицияларға және т.б. Күмәнді жобалар мен ұсыныстардан аулақ болуға кеңес береміз. Абайлаңыз және сақ болыңыз. Бұл факторлар сіздің мүлкіңіздің қауіпсіздігінің кепілі болады, – деді полиция қызметкерлері.

Құрметті аудан тұрғындары мен қонақтары!

Бүгінде kolesa.kz, adi.kz, olx.kz, dogovor24.kz сияқты кейбір сайттардағы сауда алаңдарында алаяқтық фактілері жиі кездеседі. Алаяқтар одан бөлек, фейсбук, вКонтакте, мейл.ру, одно-классники, whatsApp, telegram, instagram әлеуметтік желілерін пайдалану арқылы әртүрлі тауар, өнім, қызмет түрлерін сатуға жарнама орналастырады.

Бұл жағдайда сандық көрсетілімі бар белгілі бір өнімді сатқанда алдын ала қiwi-емиянға, түрлі банкттердегі шоттарға төлем аударуды талап етеді. Кейіннен шот иелерін тексерген кезде олардың өзге адамдардың атынан тіркелгені белгілі болады. Алдын ала төлем жасасқан алаяқтар жәбірленушілермен кез келген уақытта байланыста болады.

Интернет алаяқтарының құрбаны болмау үшін:

–расталмаған сату көздерін пайдаланбаңыз;

–кез келген жағдайда банк картасы мен шоты туралы мәліметті ешкімге бермеңіз. Әсіресе, интернет арқылы байланысқан кезде;

–интернет, соның ішінде әлеуметтік желілер арқылы жасалатын күмәнді мәліметке жоламаңыз;

–интернет порталдары арқылы мүлкті сатып алу (сату) кезінде ешқашан алдын ала келісім жасамаңыз;

–төлем жүйелерімен белгісіз тұлғаларға ақша аудармаңыз;

–автомобиль мен оның қосалқы бөлшектерін сатып алғанда достарыңыз бен таныстарыңызға айтып, сатушымен кездесуді және сатып алынған өнімді тексеруді өтінізіз.

Егер өзіңіз немесе жақындарыңыз зардап шеккен болса, уақытында 102 байланыс телефон нөміріне хабарласыңыз.

Қ.МЕЙІРМАНОВ,
Созақ ауданы әкімдігінің
кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы.

Мәдениет үздіктері марапатталды

Республика күніне байланысты ауданымыздың мәдениет саласында қызмет еткен, әлі де етіп жүрген бір топ азаматтарға Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігінен марапаттар келген. Сол мара-

дан көлемінде жер-су аттарын, киелі орындарды зерттеп, түгелдеп жүргені үшін марапатталды.

Сондай-ақ, аймақ басшысы Мұхит Сексенбайұлы мәдениет саласында атқарылып жатқан игі істер мен бастамаларды ек-



патты аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында салтанатты қабылдау өткізіп марапат иелеріне табыстады. Салтанатты шараға аудан әкімінен бөлек аудан әкімінің орынбасарлары, аппарат басшысы, тиісті мекеме, бөлім басшылары, жастар өкілдері қатысып отырды. «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен бірнеше драмалық шығармалар жазған ардагер ұстаз, арқалы ақын Байділда Айдарбеков, термеші, әнші Ахмет Жұбанов атындағы саз мектебінің директоры Бекберген Ізбалаев, аудандық мәдениет үйінің қызметкері, әнші Раушан Баймұратова марапатталса, ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаевтың Алғыс хатымен ақын, журналист Мақсат Қарғабай ау-

шеп өтті. Марапатталушылар атынан Байділда Айдарбеков аудан басшысына және осы шараны ұйымдастырушыларға өзінің жүрекжарды алғысын білдірсе, Мақсат Қарғабай аудан басшысына аудан орталығындағы «Тәуелсіздік» алаңына дарынды күйші, «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі», алғаш ауданда ұлт аспаптар оркестрін құрған талант иесі, ауданымыздың Құрметті заматы, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, айта берсе атағы таусылмайтын дарын иесі Файзулла Үрмізовтің кеуде мүсіні қойылса, сонымен қатар ауданда альпинизм спортының дамыту туралы ұсынысын жеткізді.

«Созақ үні»-ақпарат.

«Есіктен есікке» акциясы өтуде



Сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары аясында ҚР Президенттігіне үміткер Қ.К.Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасын түсіндіру және насихаттау мақсатында Созақ аудандық «Жастар Рухы» ЖҚ жанынан құрылған белсенді жастар «Есіктен есікке» акциясы шеңберінде тұрғындар арасында үгіт насихат жұмыстарын жүргізіп, үн парақтар мен арнайы материалдар таратты.

Сондай-ақ үн парақтарда орналасқан QR кодын ашып кандидаттың сайлауалды бағдарламасымен танысуға болатындығын үйретті.

Акция барысында шолаққорғандық тұрғындар «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты Президенттікке үміткер Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасы туралы хабардар екендіктерін жеткізіп, бірауыздан

қолдады.

Елімізде болып жатқан саяси науқанға сәйкес бүгін ҚР Президенттігіне үміткер Қасым-Жомарт Тоқаевтың Созақ аудандық қоғамдық сайлауалды штабы мүшелері Н.Майусова, І.Омарбеков, Е.Қабылбеков Аққолтық ауылындағы Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде болып педагогикалық ұжымымен кездесті. Кездесу барысында штаб мүшелері тарапынан Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасы таныстырылып, алдағы Президенттік сайлаудың маңыздылығы назарға қойылды. Сонымен қатар, педагогтар тарапынан ұсыныс-пікірлер айтылып, ортаға салынды.

«Созақ үні»-ақпарат.

«Қазатомөнеркәсіп» мен ҰАК АҚ мен Қазақстан Баспасөз клубы атынан 20-21 қазан күндері өтуге тиіс бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін арнайы баспасөз турына шақырту алдым. Өндірісті аралаудағы бұл арнайы топтың мақсаты сол өндіріс орындарында жұмыс жасайтын жұмысшылар мен қызметкерлердің әлеуметтік тұрмыстық жағдайы, тамағы, еңбек қауіпсіздігі, өндіріп жатқан өнімнің қоршаған ортаға әсері, оны алу жолдары, жалпы жұмыс процесстерімен танысу болатын осы орайда арнайы БАҚ өкілдері мінген автокөлік алдымен «Инкай» бірлескен кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде болды. Серіктестік 1996 жылы наурызда құрылған. Құрылтайшылары «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және «Самсо Corporation» канадалық компаниясы. «Инкай» БК» ЖШС Түркістан облысы «Инкай» кен орнында жерасты ұңғылап шаймалау әдісі арқылы уран өндірісін жүзеге асырады. «Инкай» Бірлескен кәсіпорны» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республика-



БАҚ ӨКІЛДЕРІ ӨНДІРІСТІ АРАЛАДЫ

сында 1996 жылдың 21 наурызында тіркелген. Серіктестіктің қатысушылары «Самсо» Корпорациясы (Канада) және «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» Акционерлік қоғамы (Қазақстан) болып табылады. 1999 жылдың 20 сәуірінде Қазақстан Республикасының Үкіметі Серіктестікке жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия берді, ал 2000 жылдың 13 шілдесінде Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі мен Серіктестік Оңтүстік Қазақстан облысының Инкай кен орнындағы №1 учаскесінде уран өндіруді жүргізу және №2 және №3 учаскелерінде уранды барлап, сонымен өндіру жөніндегі Келісімшартқа қол қойды. 2016-шы жылдың 27 мамырында Астанада өткен Шетелдік инвесторлар кеңесі барысында қол қойылған құжат алдағы 30 жылда іске асырылатын бірлескен жобаларды айқындайды. Нақты айтқанда, жер қойнауын пайдалану келісімі 2045-ші жылға дейін ұзартылып, Қазатомөнеркәсіптің «Инкай» БК» ЖШС-гі үлесі 40-тан 60 пайызға дейін артады. Серіктестіктің негізгі қызметі барлау, игеру, шығару, қайта өңдеу, Инкай кен орнынан шығарылған уранды экспорттау және сату болып табылады. «Инкай» БК» ЖШС Түркістан облысындағы «Инкай» кен орнында жерасты ұңғымалық шаймалау әдісімен уран шығаруды жүзеге асырады. Компанияның миссиясы: «Таза ядролық энергетика отыны үшін шикізатты жеткізуге белсенді қатысу мақсатында құрылған». Компанияның пайымы: «Компания уран өндіру саласында әлем көшбасшысына айналуы үшін дамуда». Компанияның корпоративті құндылықтары: Қауіпсіздік; Жауапкершілік; Кәсіпқойлық; Даму; Команда. Миссияны жүзеге асыру, пайымымызға сәйкес болу және корпоративті құндылықтарды нығайту мақсатындағы Компания қызметінің барлық саласындағы басым бағыттары: Қорғалу; Адалдық; Кемелдену; Энергия; Келісушілік. Уран саласындағы әлемнің екі жетекші компаниясының («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, Қазақстан Республикасы және «Камеко» Корпорациясы, Канада) бірлескен кәсіпорны бола тұра, «Инкай» БК» ЖШС өзінің қатысушылары секілді жан-жақты және тұрақты дамуға ұмтылады, сол арқылы өз қызметінің барлық салаларында әлеуметке бағытталған мінез-құлық туралы шешімді ерікті түрде қабылдайды. Өз миссиясы, пайымы және корпоративті құндылықтарына сай

болу үшін Компанияның алдына қойған мақсаты– бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жоғары стандарттарға сәйкес келу. Қатысушыларының, жұмыскерлерінің, жергілікті қауымдастықтың (Компания өз қызметін жүзеге асырып отырған аумақта) мүдделерін, сонымен қатар заң талаптарын және өзінің стратегиялық мақсаттарын ескере отырып, Компания өз қызметін төмендегі қағидаларды сақтай отырып жүзеге асыруы тиіс: Адам құқықтары Компания Қазақстан Республикасының Конституциясында және халықаралық

орта бойынша компания сақтық шараларына негізделген экологиялық мәселелерді шешу жолдарын қолдауы тиіс; Компания қоршаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті жоғарылатуға бағытталған бастамаларды жүзеге асыруы тиіс; Компания экологиялық қауіпсіз технологиялардың дамуына және таратылуына жағдай жасауы тиіс. Компания бопсалаушылық және парақорлықты қоса алғанда сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне қарсы тұруы тиіс. Қажетті шаралар және жобаларды жүзеге асыру арқылы әлеуметтік тұрақтылықтың «жоғары» деңгейінен

дың және жобалардың кешенін жүзеге асыру арқылы жергілікті қауымдастықтың тарапынан әлеуметтік тұрғыдан жауапты кәсіпорын ретінде мойындалуына қол жеткізу және сол деңгейді ұстап тұру екеінін ұғындық. Сапа менеджменті, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесінің жұмысы; Қоршаған ортаны қорғау және энергияны үнемдеу; Үнемді өндіріс; Кадрларды дамыту; Жұмыскерлер және жұмыс беруші арасындағы қарым-қатынастар жүйесі; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және істерді жүргізудің ашықтығы; Түкістан облысы Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу; Корпоративтік мәдениет. Заңды және жеке тұлғаларға демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге тиым салынған; Компания саяси партиялар және діни ұйымдардың қызметін қаржыландырмайды. Адамдардың қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау біздің жұмысымыздың негізі болып табылады. «Инкай» басшылығы саясатындағы негізгі құраушы әлеуметтік жауапкершілік және еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері болып табылады. «Инкай» БК» ЖШС әлеуметтік саясатының артықшылығын денсаулықты сақтау, білім, спорттық өмір салты және әлеуметтік даму құрайды. Атом энергиясы саласындағы әлемнің жетекші екі компаниясының еншілес кәсіпорны бола отырып, «Инкай» өз құрылтайшылары сияқты жан-жақты және тұрақты дамуға ұмтылады. Алдыңғы қатардағы компаниялар қолданатын, кәсіпорын қызметінің тиімділігін өлшеудің салыстырмалы жаңа көрсеткіші. Осы көрсеткіші ауқымды арттыру Компанияның негізгі қызмет саласындағы басымды міндеттеріне жетуін көрсетеді.

Дайын өнімнің өзіндік құнын азайту осы мақсаттың маңыздылығы бақылаудың артықшылығымен және бизнес табыстылығының негізгі басқарылатын факторы ретіндегі өндірістік өзіндік құнды азайтумен анықталады. Сонымен қатар, БАҚ өкілдері «Орталық» ӨК ЖШС-і кен басқармасына қарасты «Орталық Мыңқұдық» кенішінде болып онда да жоғарыда айтқан жоспарлы мақсаттарды көзбен көріп, көңілге түйіп оралды. Аталмыш кен орнында бізді кеніш директоры Сейдалиев Мұхит есімді азамат бастап алып жүріп далалық кеніш аумағынан бастап барлық біз сұраған орындарды аралатып, қойған сауалдарымызға дәйекті жауап берді.



дәрежеде жарияланған құқықтарға құрмет көрсетуі және оларды қорғауда қолдау жасауы тиіс; Компания адам құқығын бұзуға қатысты болмауы тиіс.

Жұмыс стандарттарына келсек компания бірігу еркіндігін және ұжымдық шарттарды жасауға құқықтың шынайы мойындалуын қолдауы тиіс; Компания мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық түрлерін жоюға ат салысуы тиіс; Компания балалар еңбегін түпкілікті жоюға қолдау көрсетуі тиіс; Компания еңбек және жұмыспен қамту саласында дискриминацияның жойылуына ат салысуы тиіс. Қоршаған

төмен емес рейтингісіне жету және сол деңгейді ұстап тұру. Әлеуметтік тұрақтылық рейтингін анықтау бойынша зерттеулер «Самрұқ-Қазына» АҚ тобының әдістемесі бойынша сыртқы ұйымдармен жүзеге асырылуы тиіс; Еңбек өндірімділігін еңбек және демалыстың жайлы және қауіпсіз жағдайларын жасау және дамыту, денсаулықты сақтау, Компания жұмыскерлерінің ынтасын жоғарылату, жұмыскерлердің әлеуметтік көңіл-күйіне теріс әсер ететін факторлардың алдын-алу арқылы жоғарылату; Жергілікті атқарушы органдар және немесе қоғамдық ұйымдармен келісілген қажетті шаралар-

Әрине, Созақ ауданы аумағында орналасқандықтан қайсыбір компания болмасын алдымен сол ауданның халқына жұмыс жасаулары керек. Біз «Инкай» БК ЖШС-де болғанымызда дала төсіндегі скважиналарды аралау, спорт залдарын көру, асхана жұмысы, жатын орын, зауыттың өзін көру сапарларында кеніш директоры Золин Алексей Александрович пен Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ NSE (еңбек қауіпсіздігі) жөніндегі басқарушы директоры Исаков Манас барлық сала бойынша өздері таныстырып жүрді. Аталмыш мекеме әлеуметтік сала бойынша Шолаққорған, Жартытөбе ауылдарына бекітілген екен. Біз жалпы аталмыш ауылдарға неңдей көмектер беріп жатқанын аса санамаған жоқпыз. Білетіміз қыс айларында аз қамтамасыз етілген отбасыларға көмірден, наурыз мерекелерінде көп балалалы аналарды, қарттарды аз-кем сый сияпаттарымен келіп құттықтап жататынын білеміз. Дәй тұрғанымен біздің ойымыз жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз етсе (пайыздық өлшеммен болса да), түгелге жуық болмаса да бір ауылдан жылына оншақты жұмыссыз жастарды тартса, сол ауылдың күл-қоқыстарын шығарысуға техникалардан қарасса, ауылдың ішкі жолдарына қол ұшын берсе, ауылдағы жастардың бос уақыттарын тиімді өткізу үшін жастар үйлерін салуға жәрдемдесе, озақ мектеп оқушыларының жоғары техникалық оқу орындарына түсуіне көмектесе, әрі сол мамандары өздері бақылауына алып оқуын бітіріп келген соң өздері орналасқан кеніштерге маман ретінде жұмысқа қабылдаса артықтық болмас еді. Кеніш директорының айтуынша жыл сайын бірлі жарым жастарды жұмысқа алып отырған көрінеді. Бірақ жұмыс сұрап келген азаматтардың көбісінің кен саласына қатысты мамандықтары жоқ көрінеді. Сондықтан жастары-



мыз мұғалімдік, оның ішінде дене шынықтыру, әскери дайындық сияқты аяқ алып жүргізісі мамандықтарды игермей өндіріс саласына қатысты геологиялық барлау, қазба байлықтарды тану сияқты мамандықтарға барғаны дұрыс болар еді. Осылайша біздің кенді далаға шыққан екі күндік сапарымыз осымен аяқталды. Астана, Алматы Шымкент қалаларынан келген меймандарымыз қайтар сапарында Түркістан қаласының көрікті жерлерін аралап кешкісін ұшаққа отырды.

Басты жақсылық балаларға болса...

«Қазатомөнеркәсіп» акционерлік

қоғамы және Созақ аудандық әкімдігі ұсынысымен, «Samruk-Kazyna Trust» Корпоративтік қорының қаржыландыруымен «ЭКО Атамекен» қоғамдық бірлестігінің ұсынысымен Созақ ауданы Жартытөбе ауылдық округіндегі Жартытөбе, Аққолтық, Бабата елді мекендеріндегі далада орналасқан мектеп әжетханаларын, мектеп ғимараттарының ішіне орналастыру жобасын жүзеге асырды.

2019 жылы Білім және ғылым министрі А.Аймағанбетов Үкімет жанындағы кәсіпкерлер мен мамандардың істері және оларды қорғау жөніндегі комиссиясының отырысында, білім беру мекемелеріндегі сыртқы әжетханаларды жойып, мектеп ғимаратының ішінен салуды тапсырған болатын. Күні бүгінге дейін Еліміздің көптеген шалғай елді мекендерінде мектеп оқушылар, мұғалімдер, кіші қызметкерлер даладағы әжетханаларды пайдалануға мәжбүр болып отыр. Ешқандай санитарлық нормаларға сай келмейтін даладағы әжет-

ханалардың оқушы, мұғалім, бастауыш сынып оқушыларының (әсіресе қыс мезгілінде қыз балалардың) денсаулығына, қауіпсіздігі мен гигиенасына теріс әсер беретіні анық.

Халықтың әл-ауқатын жақсартуға, ұрпағымыздың жайлы мектептерде сапалы білім алып, ертеңгі еліміздің жарқын болашағын құруға арналған осы тәріздес, көлемі кіші болғанмен маңызы зор әлеуметтік жобалар жақсы жалғасын табады деген үміттеміз.

Ата-ананың, ауыл басшыларының, мектеп басшыларының және жалпы қоғамның басты міндеті балалардың қауіпсіздігін, денсаулығы мен гигиенасын қамтамасыз ету, өмір сүру сапасын арттыру, балалардың өмірге араласуда көмекші болу, жеке бас мәселелерін шешу қабілеті мен олардың компоненттілігін кеңейтуге көмектесу, ауылдық округтерде қоғамдық іс-шаралар өткізу арқылы жасөспірімдердің денсаулығына, қауіпсіздігі мен гигиенасына теріс әсер ететін әдеттердің алдын алуға бағытталған жобалар жұмыстарын ілгерілету десек, жобаның идеологиясы жергілікті қоғамдастықтардың, ата-аналар ұйымдарының, тұрғындарының оң көзқарасына ықпал ететін болады, бұл көптеген әлеуметтік проблемаларды шешуге мүмкіндік береді. Саясаттың тиімділігін арттыруға, идеологиясын танымал етуге бағытталған үкіметтік емес сектор құрылымдары мен мемлекеттік органдар арасындағы тығыз өзара іс-қимыл ықпал қалыптасады.

Әлеуметтік жоба шалғай елді мекендердегі жауабын таба алмай отырған өзекті мәселелерді шешуге, ұзақ мерзімді, тұрақты және оң өзгерістердің пайда болуына, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталды.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

Өзім-би, өзім-қожа. Бұл әлемге желдей есіп кеңінен тараған феминизмнің басты талабы. Яғни әйел адамның теңдігі. Қазіргі таңда феминистік жолды ұстанатын топтар көбейіп келеді. Олардың басты мақсаты мен ойы қоғамда әйел адамның теңдігі. Бағытына қарай олар, «Әйел мен еркектің құқығы тең болу керек» деген түсінікті ұстанады. Теңдікті талап ететін нәзік жандылардың ойын жалмаған феминизмді кей адамдар фанатизммен қоса ер азаматтарды менсінбеу деп түсініп жатады. Бұл түсініктің ақ қарасы тек адамның санасымен өзіне мәлім.

Жалпы, феминизм ұғымының тарихы сонау 18 ғасырда жатыр. Феминистік қозғалыстар өткен және қазіргі кезеңдердің күресі. Яғни, әйелдердің саяси құқығы үшін күресі деуге болады. Феминизм дегеніміз әйел заты мен еркектің тең құқығы. Қазақ халқы ежелден қыз баласын ерекше мейіріммен, ілтипатпен сыйлап құрметтеген. Сол қарқынмен қазіргі таңда елімізде абыройы келбеті болып саналатын қазақ қыздарының орны әрқашан жоғары. Дегенмен, әйел затының басты міндеттерінің бірі қасындағы тірегі ер азаматын сыйлау, құрметтеу. Себебі жанындағы аяулы жары сыйламаған еркекті өзге әйел сыйлауы мүмкін бе? Сол үшін әр әйел заты ер азаматын көкке көтеруі тиіс. Бұл бізге ата-бабамыздан мирас болып келе жатырған тәрбиенің бір көрінісі.

Әрине, әйел адамы мен ер азаматтың құқығы тең. Бәріміз осы жарқын өмірге адам болып келдік. Десе де, табиғат ана әрқайсымызға әртүрлі міндеттемелерді жүктегені айдан анық. Яғни, ер азамат қарашаңырақтың иесі, отба-

“Өзім-би, өзім-қожа дейтін заман ба?”

сын асыраушы, қорғаушы тірегі. Ал, әйел адам жанжаның жылуы, бала тәрбиесінде басты рөлді атқаратын аяулы ана. Бұл ер азаматтың санасына тұзша сіңген негізгі түсінік. Алайда, бүгінде теңдікке ұмтылатын, ер азаматтарға міндеттелген әскерге жүрексынбай баратын, басшылық істе «менмендікке» салатын, «өзім-би, өзім-қожа дейтіндер саны артып келеді.

Феминист-бұл заманауи нәзік жандылардың түпкі ұстанымы болған «әйел мен еркек тең бе?» деген сұраққа жиі бас қатыратынымыз айдан анық. Бұл сонау ғасырлардан бері талқыға түсіп, талай ғалам ғалымдарды толғандырған үлкен бір мәселе. Бірақ та, бұл мәселені дін де, салт-дәстүр мен сана да ер адамның әйелден бір саты жоғары тұратындығын әлдеқашан дәлелдеп қойған.

«Әйел адам бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлем тербетеді» деген түсінік сонау сан ғасырдан бері бізге белгілі. Рас, сөзге шешен ақын да, алып дене батыр да анадан туған. Құлаққа жағымды әуезді ән де, әлемдегі бар керемет сөз де анаға арналған. Десек те, Ислам дінінде «Әйел адам еркектің қабырғасынан жаратылған» деген түсінік бар. Сол түсінікке қарай да заманауи жас отбасында өздерінің құдай қосқан асыл жарларын «қабырғам» деп еркелететіні анық.

Қазақ халқы әрдайым әйелдерін алақанына аялап, көздерінің қарашығындай қорғаған. Бірақ, ер адам тұрғанда

жарыстырып сөйлетпеген, алдынан оздырып төрге өткізбей әйелді еркектен биік көрмеген деседі. Тарихқа көз салар болсақ, жау шапқанда атқа мініп, найза қылышын ала жүретін ер азаматтарымыздың жанында қаншама зұлтатты жылдарда жиегін түріп, кетпен-күрегін алып еңбекке араласқан нәзік жандыларда болды. Әйткенмен, сол заманда ешбір әйел «Мен сенімен тең едім, біздің құқығымыз тең болу керек» деп ерине ереуілдемеген. Алайда, ол замандада феминист күші болған деген пікірлерде бар. Себебі Ғабит Мүсіреповтың «Ұлпан» кітабынан байқауға болады. Кітапта «Ру-ру болып отыратын қазақ елінде қыз балаға ешкімнің тілі тиген емес, бірен-саран ондай сотқарлық істеген еркектер алапес болған адамдай ауыл-үйге араласа алмай «иткірмеде» жүреді. Ел ішінен қуылмағанымен ол бәрібір, қуғындағы адамға тең» делінген. Бұдан біз қазақ халқының қызды қызғыштай қорғанын, ерекше бағалағанын байқай аламыз. Өткеннің еншісіндегі жақсы дүниені келешектің кемесіне салып, ұлттың ұлылығын танытатын игіліктің барлығы да ұмыт қалмауы үшін тәрбиеге мән беру керектігімізді түсінеміз. Әрине, бұрынғы қазақ тұрмысындағы киім киісіміз, сырт келбетіміз дәл бүгінгі қоғамда толықтай сақталады деп айту қиын. Себебі заман талабына сай өмір сүреміз. Бірақ ұлттық ұстаным, мінез-құлық, иман мен

иба-жалпы адамдық болмыс кез келген қыз баланың бойында болуы тиіс. Бірақ, заман өзгереді, заманға сай адамда өзгереді деген тағы бар. Дегенмен, әр отбасында берілетін тәрбие арасында қыз балаға ер адамды сыйлауды үйретуі шарт.

Қазір 21 ғасырда әйел адамның құқығы қорғалмайды деген түсінік бар. Бұл түсінік отбасылық жағдайдан зорлық-зомбылық көретін әйелдерді естігеннен шықты. Қоғамда әйелдердің пікірі екіге бөлінді. Бірі, әйел адам қазан-ошақтың қасында жүріп келген қонақты қарсы алып, баласын бағып үйде отырғанын жөн санап, енді бірі әйел адам қызметші емес. Оларда жұмыс жасап қосымша ақша тапқаны дұрыс дейді. Бүгінгі таңда бой жетіп келе жатырған қыздарымыздың ойы билікті қолына алып бастық болу, қымбат көлік жүргізіп жастық шағын қызықты өткізу. Әрине, бұл да дұрыс. Бірақ қыз баланың өмірге келгендегі басты мақсаты болашақта ана атанып, балаға дұрыс тәлім-тәрбие беру. Десекте, отбасы болғаннан кін түрлі жағдай болады. Елдегі қазіргі басты мәселелердің бірі отбасыдан, яғни ер азаматынан зорлық-зомбылық көру. Рас, әлеуметтік желіні ашып қалсақ екіншіке орай көбіне жақсы хабарларды ести бермейміз. «23 жасар қызды өз күйеуі ұрып-соқты», «19 жасар қызды аса айуандықпен өлтірді», «8 жасар қызды өгей әкесі зорлады» немесе «40-қа келген әйелді 20 күн құлдықта

ұстаған». Бұл біздің жаңалықтардан еститін хабарымыз. Бұл жаңалықты көрген әр әйел заты жүрегі аурып, «әйел құқығы қайда?» деген сұрақтарын жаудырады. Осыған байланысты әр елде әйел құқығын қорғайтын ұйымдар ашылууда. Ұйымдардың басты мақсаты әйел құқығын қорғап, шалыс басқан нәзік жандылардың жағдайын түсініп барынша көмек қолын созу. Сонымен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымы да әйелдерді қорғауға үндеу салды. Қай ел, қай ұлт болмасын әйел затын қызғыштай қорғау ол барлығының міндеті.

Қазақ отбасында әйел құқығы болмаған деген түсінік болмауы тиіс. Егер әйел ақылды болса, бағына орай ер азаматы да ақылды, сабырлы, салмақты болса, ол тек ерине ғана емес сонымен бірге бүкіл айналасына ықпалын тигізген. Қалай ойласақта барлығы адамның санасына байланысты деген рас пікір. Жақсы ел болам десек бесігіңді түзе. Елдің болашағы әйел, ер, өсіп келе жатырған бүлдіршіндеріміз. Сол бүлдіршіндерімізге үлгі бола алатындай өмір сүруіміз керек. Қандай жағдай болмасын ер азаматты әйел адам, әйел затын еркектерде сыйлау міндетті. Екі жақтан тұныдайтын сыйластық әрдайым берекелі болатын сөзсіз.

Гүлнұр МАДЕНИЕТ,
Абылайхан атындағы
Қазақ Халықаралық
қатынастар және әлем
тілдері университетінің 2
курс студенті.

Адам табиғатының ерекшелігі сол өткенін саралап, болашаққа жоспарлар құрудан тұрады. Мұның барлығы тікелей адам санасымен байланысты. Әлемнің барлық елдерінде дінге сенушілердің көп болуына қарамастан, діни сананың күшімен шешілмейтін көптеген қарама-қайшылықтар туындап жатыр.

Жалпы алғанда, діни санаға қатысты барлық мәселелер қоғамның, адам өмірінің өзгергендігін және олардың жаңа рухани құндылықтарға ұмтылып жатқандығын көрсетеді. Діни сана жаңа, жиі кутпеген және үйренбеген формаларда көрініс табады.

Расында да, аяушылыққа, жұбатуға, шын жүректік қарым-қатынасқа деген

анықтаушы элементі деп санайтын ғалымдар арасында екі тенденция анық байқалады. Біреулері діни сананы интеллектуалды феномен ретінде талқылайды. Мұндай ыңғай тұрғысынан дін мифологиялық жүйе ретінде ұсынылады.

Діни сананың рационалды немесе эмоционалды жағының басым болу мәселесі діни сананың түрлі деңгейлерінің өзара қатынас мәселесін қарастыруда жаңа қырына ие болуда.

Дамыған діни жүйелерде философтар мен әлеуметтанушылар, кем дегенде, екі нақты анықталған деңгейлерін көрсетеді. Олар үйреншікті тұрмыстық деңгейдегі діни сана және теориялық рәсімделген, концептуалды

Қоғам тұрақтылығы контекстіндегі діни сананың маңыздылығы

қажеттілік көп адамда бар. Олар бұл қажеттілікті әртүрлі қанағаттандырады. Кейбірі қоғамдық ережелерді ұстанып, дінсіз қол жеткізсе, ал қалған бөлігі діни сенім арқылы жүзеге асырады.

Дін-әлеуметтік құбылыс. Оның пайда болуы, дамуы, өткен мен қазіргі ахуалы арнайы қоғамдық жағдайларымен ерекшеленеді.

Діни сана әділетті өмір туралы сана ретінде қалыптасты. Діни мәселелер адамгершілік мәселелерімен тығыз байланыста болды. Дін ұстанбайтын халық жоқ. Яғни діни сананың пайда болуы мен дамуы нақты мәндік мазмұнға тәуелсіз, адамның рухани қажеттіліктерімен байланысты. Діннің түрлері көп. Бірақ ислам діні, христиандық, буддизм сияқты әлемдік діндердің сыртқы өзіндік ерекшеліктері болса да, олардың ортақ қырлары басымдық. Бұл ұқсастықтар, ең алдымен, адамзаттың бірлігімен, әлеуметтік даму процестерінің ұқсастығымен, психология заңдарының барлық адамзатқа ортақтығымен түсіндіріледі.

Діни сана діни іс-әрекет, діни қарым-қатынастар және ұйымдармен қатар дін құрылымындағы элемент болып табылады. Діннің элементтері мен құрылымы адамзат тарихындағы процестерде пайда болып, өзгеріп отырды.

Діни сана құрылымында маңызды компонент болып діни сезімдер табылады. Діни сезім ол, ең алдымен, сенушілердің мойындалатын объектісіне (Құдайға) және соған байланысты нәрсенің барлығына: орын, іс-әрекеттер, байланыстар, адамдардың бір-біріне, жалпы әлемге деген эмоционалды қатынасы. Діни сезімдер діни ойлар, аңыздар, көзқарастар, идеал, сенімдермен өзара байланысты. Сондықтан оның өз бағыты, мәні және мағынасы бар. Сенетін адамның діни сезімі оның рухани қажеттіліктері мен оларды бастан кешірулерінің объектісі болып табылады. Олар эмоцияға толы және өте сезімтал болуы мүмкін.

Діни сана – ол адамның белгілі бір діни идеялар мен құндылықтарға қатысы болуы, сонымен қатар қандай да бір дін мен діни топтарға жатуы. Адам өзін сенушімін деп санайды және өзін қандай да бір дінге жатқызады.

Діни сана адам өмірінің әртүрлі кезеңдерінде және түрлі жағдайларда қалыптасуы мүмкін. Бұл адамның діни қарым-қатынастар жүйесіне кіріктірілуі мен діни идеялар, құндылықтар, эмоционалды нормаларды қабылдау арқылы жүреді. Көп жағдайда діни сана отбасылық орта (отбасындағы діни тәрбие) мен айналасындағылардың, сонымен қатар дінді үгіттеушілердің және т.б. әсері арқылы қалыптасады.

Кей жағдайда адам ішкі күйзеліс (немесе дағдарыс) нәтижесінде эмоционалды және психологиялық таңдауы арқылы «сенушілер» қатарына қосылып жатады. Мұнда көп нәрсе тұлғаның индивидуалды ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Бұл процесті діни тәжірибе деп атайды. Адам мен топтардың діни тәжірибесі уақыт өте келе әлемнің стереотипті бейнесіне және мұсылман, христиан болу дегеніміз не, бұл топтың мүшелері басқа діни топтардан немен ерекшеленеді деген сияқты түсінікке айналады. Діни сананы діннің жетекші,

діни сана.

Тұрмыстық деңгейде сана діни сенімге қызмет көрсететін бейнелердің, түсініктердің, көңіл-күйдің, дәстүрлердің жиынтығы ретінде ұсынылады. Бұл деңгейде діни сенімнің рационалды, эмоционалды және ерікті элементтері көрініс табады. Қалыптасуы бойынша, ол индивидуалды-тұлғалық сипатқа ие.

Концептуалды деңгейдегі діни сана жүйелі дінді оқыту түрінде тіршілік етеді. Дінді оқыту мазмұны дінді оқытушы кітаптарда (Құран, жәнет.б.) қалыптасып, өзгермейтін формула түрінде діни ұйымдармен бекітілген. Дінді оқытудың мазмұны діни білімнің арнайы саласында дамып, негізделеді.

Діни тәжірибеге қасиетті мәтіндерді (мысалы, дұға, Құран және т.б.) және басқа да діни дәстүрлердің мәртебеге ие мәтіндерін білу жатады. Бұл өз кезегінде міндетті болып табылады. Ол дінге және оның өкілдерінің санасына тұрақтылық береді.

Қоғам мен мемлекетімізге әлемнің ғылыми бейнесін елестете алатын, білімді азаматтар қажет. Сонымен қатар адамдардың санасын қажетті адамгершілік шеңберінде ұстап тұрушы рөлін атқаратын дін де сақталып келеді. Дін сенушілердің мінез-құлқын белгілі бір деңгейде анықтайды.

Қазіргі ғылым діннің кейбір догмаларын жоққа шығарады. Бірақ дін өзгеріп тұратын жағдайларға иілгіш және тез бейімделеді. Діни сананың сақталу себебі болып қарым-қатынас сақталып келген және адамдардың тұрмысына толығымен енген дәстүрлердің тұрақты болуы да табылады. Үлкен рөлге адамдардың өміріндегі маңызды жағдайлармен байланысты діни орындарда өтетін салт-жораларға ие (адамның дүниеге келуі, үйлену тойы және т.б.). Діни сананың сақталуы мәдениеттің эстетикалық тартымдылығымен, діни сезімдердің эмоцияға толы болуымен, мейірімділік пен әділеттілікке деген сенім сезімдерімен байланысты. Діни ұйымдар өз қызметтеріне әрқашан архитектура, көркем-өнер, мүсін, музыка, поэзия, театр сияқты өнер мен шығармашылықтың әртүрлі түрлерін қоюға тырысатын. Мұның барлығы діннің әсерін нығайтуға, сенімді мықты бекіту үшін жасалынатын. Көп жағдайда басым болып табылатын дін мемлекетпен, саяси билікпен бірігеді. Діннің сақталуына және кеңейтілген әсеріне адамдардың жүректеріне жол іздеуге тырысатын діни ұйымдардың (мешіт, медресе) белсенді іс-әрекеті септігін тигізеді. Мұндай жағдайда бейімделгіш және нақты әдістер қолданылады.

Дін бұл нақты-тарихи құбылыс. Ол дінге деген қажеттілік жоғалған жағдайда, оған деген сұраныс болмағанда, қоғамдық қатынастар жоғалған жағдайда гана түбегейлі жойылуы мүмкін.

Сөзсіз, қоғамның діни санасы жеке тұлғаның діни сананың қалыптасуына әсерін тигізеді. Қоғам мен адам түрлі кезеңдерде дамудың маңызды жолдарын жүріп өтті және бүгін, өркениеттілік жағдайында адамдардың арытында ар-хят еркіндігі принципі сақталуда.

Б.ӨТЕГЕН,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.

Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары

Ислам діни қазақ даласына таралғаннан бастап, ғасырлар бойы халықтың өміршең рухани-адамгершілік құндылықтарымен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен кірігіп, дін мен дәстүр бірлігін құрады. Яғни, қазақ үшін дін – дүниеден тыс тұрған әлдебір тылсым күш емес, қазақтың тал бесіктен жер бесікке дейінгі бүкіл тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, дәстүрін, дүниетанымын көктей өтіп жатқан негізгі арқау болады.

Қазақ мәдениеті ғасырлар бойы Құран мен сүннетке имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабы мен имам Матуриди сенім мектебінен сусындаған. Ислам философиясының, құндылықтары мен өнерін дамыту мен жаңғыртуда қазақ жерінде мекен еткен ойшылдар: Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Махмұт Қашқари, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұниден бастап, Абай, Ыбырай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Науан хазірет, Сәдуақас Ғылыманиге дейінгі ұлттың ағартушы ұстаздары мен дін ғламаларының үлесі зор. Солардың ерен еңбегінің нәтижесінде қазақ халқы исламның рухын сезініп, жанымен қабылдады.

Ислам рухани тазалық пен құндылықтардың өзегі, адам болмысының тұтастығын қамтамасыз ете алатын пәрменді күш ретінде адамзат санасына ұялай бастағандығы ең маңызды фактор. Жалпы алғанда, әрбір халықтың мәдениеті, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрі сол халықтың рухани дамуының негізін қалайды.

Дін мен мәдениеттің арақатынасы жөнінде қыруар пікірлер айтылуда. Соңғы кездері дін экспансия алаңына айналған елімізде «дініміз өзгерсе өзгерсін, ал мәдениетіміз өзгермесін» дейтіндей орашалақ пікірлер де айтылуда. Осы мәселеге байланысты ғылыми қорытынды жасау үшін алдымен қоғам өмірінің ең маңызды ұстыны саналатын дін мен мәдениеттің арақатынасын анықтайық. Бүгінгі мәдениеттану, антропология және социология саласының теоретиктері дінді мәдениеттің ең маңызды құрамдас бөлігі деп санайды. Дінсіз қоғам болмайтындықтан, дінсіз мәдениет те болмайды. Дін әлеуметтік құбылыс, қоғамды қалыптастыратын хыитқы ретінде адамзат өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Кейбір идеологиялар мен саяси ағымдар діннің осы ролін пайдаланғысы келеді. Бүгінгі күні дүние жүзінде орын алып жатқан саяси, әлеуметтік, мәдени, экономикалық оқиғалардың негізінде діни факторлардың бар екенін айту жақсақтық болмас. Әсілі, дін – осы салаларға бағытбағдар беретін күштің бірі, тіпті ең бастысы. Қоғамдық құрылымның Ислам діни және Қазақстан мәдениеті анатомиясында діннің алатын орны ерекше. Қоғамдарды басқа қоғамдардан ажырататын ең негізгі қасиеттің бірі осы діннің өзі болып табылады. Заманауи әлеуметтану ғылымдары қатарынан социология, психология, антропология, мәдениеттану, философия, саясаттану, өнертану дінді зерттеумен шұғылданады. Бұлар әлеуметтік феномен, қоғамдық оқиға және қоғамға пішін беретін құдірет ретінде қарайды. Тіпті, халық арасында кең таралған хұрафи сенімдер мен ырым-секемдердің қаншалықты әсерлі екені баршаға белгілі. Діннің мәдениетті қалыптастырушы басты күш екеніне дау жоқ. Әсіресе, бүгінгі өтпелі кезеңде азаматтардың өзін-өзі танып білуі, ортақ ұлттық мұраны қалыптастыруы және ХХІ ғасырдағы халқымыздың өсіп өркендеуінің басты құралы – дініміз. Әлеуметтану ғылымдары ішінде ең көп дау-дамай туғызғандардың бірі мәдениеттану болып табылады. Мәдениет дегенде кейбіреулердің есіне тек Пикассо, Моцарт, Чайковский түседі. Ал, мәдениет ұғымы, шынында, өте кең ауқымды қамтиды. Әр қоғамның қоғамдық қасиеттерінің материалдық және рухани тамырлары бар. Мәдениет дегеніміз осы дүнияді және рухани қатынастардың ғасырлар бойы етене араласуы нәтижесінде қалыптасатын нәрсе. Сондықтан, Ислам діни және Қазақстан мәдениеті заман өзгеріп, мәдениеттің кейбір тұстары өзгеріске ұшырағанымен қоғам өзінің мәдениетін сақтап қалуға тырысады. Ислам дінінің көшпелі және руларға бөлінген араб қоғамында пайда

болғаны белгілі. Қазақ халқының тарихына қарайтын болсақ, ірілі-ұсақты рулар мен тайпалардың басын қосқан күш осы Ислам діни болған. Ислам діни қауымдастығына қосылмаған түркі тайпалары болса, мүлдем басқа мәдениет тобына қосылып, мүлдем басқа қоғамдарға айналған. Бұған мысал ретінде бұлғарларды, мажарларды, чуваштарды т.т. айтуға болады. Америкада зорлықпен шоқындырылған қараларды, африкадағы халықтарды, Оңтүстік Америкадағы қызылтерілерді осы санатқа жатқызуға болады. Демек, әр халықтың мәдени ортасын анықтайтын басты фактор дін екені анық. Біздің мұсылман халқымызға тән басты қасиеттеріміз, меймандостық, ағайынмен тату болу, арағайыншылдық, қайырымдылық Ислам дінінің мұсылман үмметіне уағыздаған қасиеттері.

Діннің мәдениеттің құрамдас бөлігі екені туралы тәжірибелік дәлелдер:

1. Діннің жеке тұлға және қоғам өмірінде нақты функциялары бар;

2. Дін әр адамға сол адам бағынышты болуға міндетті құдіреттің алдында жеке басының сенімділігі сезімін береді;

3. Дін адамға өзінің төңірегіндегі әлемді түсіну тұрғысынан өзіндік жүйе ұсынады;

4. Дін қоғам қатынастарының қалыптасуында басты міндет атқарады.

Мәдениеттің күштілігі соншалық, мәдениеттер арасындағы қақтығыста жеңіске жеткен мәдениеттің өзі жеңіліске ұшыраған мәдениеттің белгілі бір элементтерін сіңіріп алуға мәжбүр болады. Мұның нәтижесінде аралас мәдениеттер пайда болады. Ислам діни мәдениеттердің арасындағы парықтарды қабылдаған дін. Нәсілдер мен тілдердің, тіпті діндердің әртүрлілігін Ислам діни таниды. Құранда адамдардың тайпаларға, түстерге бөлінгендігі, әркімнің діни өзіне екені туралы айтылған және Құран мұны Жаратушының шешімі ретінде көрсеткен. Қоғамдар арасындағы парықтар адамдардың бірін-бірі танып білуі және қарым-қатынас орнату жағынан жағымды рөл атқаруы да мүмкін. Бұл біздің қолымыздағы нәрсе. Сондықтан, Ислам дініндегі толеранттылықты шынайы толеранттылық деп қабылдаған жөн. Тарихқа қарағанымызда сан жағынан аз мұсылмандардың үлкен мемлекеттерді басқарғанын көреміз. Яғни, мұсылмандар басқа дін өкілдерін де қорғаумен шұғылданған. Мұсылмандар негізінен бір мемлекеттің туының астында біріккен басқа тілдегі және діндегі халықтарға, олардың мәдениетіне хош көрушілікпен қараған. Адамзаттың тарихында дінсіз мәдениет болмаған. Алғашқы қоғамдық құрылымнан бері қарайғы уақытта пайда болған мәдениеттердің барлығы да діни сенім негізінде қалыптасқан. Ал, сенім жүйесі ең жоғары деңгейдегі имани, фәлсафи негіздерді қамтитын Ислам діни осы дінге қосылған халықтардың мәдениетіне орасан зор ықпал жасаған, түбегейлі өзіндік қалыпқа салған. Дін – адамдардың іс-әрекеттеріне бірінші дәрежеде ықпал жасайтын құдірет. Солай бола тұрғанмен, дін мәдениеттің негізгі салаларымен шұғылданады да, егжей-тегжейге араласпайды. Мәселен, дін адамдардың киіну мәселесінде негізгі қағидаларды белгілейді, бірақ дәл қандай киім үлгісін киюді ұсынбайды. Ислам діни адамдардың халал тағам жеуін сұрайды, бірақ тамақты дайындау және қабылдау салтына араласпайды. Мәселен, Қытайдағы мұсылмандар қасықпен, араб елдеріндегі мұсылмандар қолымен тамақ іше алады. Жалпы алғанда, әрбір халықтың мәдениеті, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрі сол халықтың рухани дамуының негізін қалайды. Ата-бабаларымыздан қалған «Үш қасиетті: дінді, ділді, тіліңді сақта!» - деген қанатты сөз бар. Ұлт негізін құрайтын осы үш қасиет болып табылатындықтан, оның тұтастығына қауіп төндіретін кез келген құбылыспен күресу ел азаматтарының тарих алдындағы парызы болмақ.

Б.АБДРАХМАН,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

«Сүйемін туған тілді-анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.

Қазақ сөз қадірін, өз қадірім деп білген. Кеңдігін де, елдігін де кемегерлігімен көсемшілдігін де сөзге сыйғызған. Қазақ тарихында сөздің орны ерекше. Бітпес даудың кесімі де, шешімі де сөз болған. Сондықтан сөзден өткен құдырет жоқ.

Ана тілім-ата-баба мұрасы

Қазақтың атақты билері Төле би, қаз дауысты Қазбек би, Әйтекеден қалған сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес. Адамды мұратына жеткізетін де ана тілі мен ата дәстүрі. Қазақ тілі- дүниежүзіндегі ең бай, беделді тілдің бірі. Өткірдің жүзі, Кестенің бізі.

Өрнегін сендей сала алмас.-деп ұлы Абай атамыз таңырқап тағзым еткен де осы қасиетті тіліміз. Халық тілінің мазмұнын байытқан Абай атамыз. Қазақ тілі-халқымыздың бай мұрасы. Ол халық ауыз әдебиеті үлгілері, дүлдүл жырауларымыз қалдырған, билеріміз айтқан даналық сөздері, ертегі әңгімелері.

Тіл халықпен бірге өмір сүреді, дамиды. Себебі, әр ұлттың тілі оның бақыты, тірегі. Тіл дегеніміз- адаммен бірге пайда болып, қатар жасасып келе жатқан қоғамдық құбылыс. Тіл арқылы адамдар бір бірімен пікір алысып, өзара түсінісіп, оны қатынас қаруы ретінде пайдаланып

отырады. Әр адам өз ойын басқа біреуге тіл арқылы түсінеді. Тіл халықтың жаны, сәні, келбеті, болмысы деуге болады. халықтың тарихта қалуы тіліне тілінің сақталуына байланысты. Ана тілі де әр адамға ананың ақ сүтімен бесік жырымен құлаққа сіңіп, атадан балаға жетіп отыратын ұлы күш. Осы жерде М.Жұмабаев атамиздың мына өлең шумақтары ойға ора-

лады.

Қазақ тілі қара орманы әр үйдің,
Қара уызға ақ уызға жаримыз.

Ана тілі анасының ақ сүті,
Емшек тілеп шырылдаған сәбидің,

Тіл-әр ұлттың қайталанбас байлығы. Тіл бар жерде ұлт та, ел де, жер де болмақ. Тіл қай ұлтта болса да қай елде болса да қастерлі, құдыретті. Тіл байлығы- елдің мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалған баға жетпес мұра. Ана тілінің мәртебесін өсіру, ана тілінің қамқоры бола білу, біздің перзенттік борышымыз деп білемін. Әр азамат өз ұлтының қамқоршысы жаршысы, қорғаны болары сөзсіз.

**Рамазан ТӨРЕГЕЛДІҰЛЫ,
Т.Әлімқұлов атындағы
лицей-интернаттың
оқушысы.**

Созақ аудандық қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

Аудандық қоғамдық кеңесің кезекті мәжілісі 2022 жылдың 30 қараша күні сағат 10:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді.

1. Шу ауылдық округі әкімінің 2022 жылдың 10 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.
2. Тасты ауылдық округі әкімінің 2022 жылдың 10 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.
3. Қарағұр ауылдық округі әкімінің 2022 жылдың 10 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.
4. Қаратау ауылдық округі әкімінің 2022 жылдың 10 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.
5. Сызған ауылдық округі әкімінің 2022 жылдың 10 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.
6. Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің 2022 жылдың 10 айында атқарған жұмыстары туралы есебі.
7. Басқада мәселелер.

Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 30- қараша күні сағат 09:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді.

**М.САПАРОВ,
Созақ аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.**

Қоғамдық тыңдау өтеді

“Волковгеология” ЖШС ҚТҚ полигонының бұзылған жерлерін қалпына келтіру жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Тыңдаулар 2022 жылғы 11 қарашада Тайқоңыр ауылындағы «DEMUR» клубында жергілікті уақыт бойынша сағат 11.00-де өткізіледі.

Тапсырыс беруші: “Волковгеология” ЖШС
Әзірлеуші: “Қазпрогресссоюз” ЖШС Астана қаласы Қ.Мұхамедханов көшесі, 21 үй Директор Кошпанова А. мт 87057235363

ҚТҚ полигонының бұзылған жерлерін қалпына келтіру жобасының материалдарымен Созақ ауданы әкімдігінің Қоғамдық қабылдау бөлмесінде немесе А. Қошпанова сұрауы бойынша танысуға болады. мт 87057235363

Сұрақтар, ескертулер мен ұсыныстар 2022 жылғы 21 қарашаға дейінгі мерзімде қабылданады.

Адалдық басты міндетіміз болуы тиіс

Сыбайлас жемқорлық- заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік орган-

дар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып,

қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. «Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүниебайлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шыныда да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз. «Заңды бұзған екенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі де берілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті санайды.

**Марат БЕГАЛИЕВ,
Созақ аудандық статистика басқармасының басшысы.**

Қоғам дертінен арылу-болашағымыз үшін маңызды

Жалпы ұғым бойынша сыбайлас жемқорлық—әлеуметтік жағымсыз әрекеттердің жиынтығы. Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әрбір мемлекетке тән, әлемдік ауқымдағы проблемаға айналып отыр. Сыбайлас жемқорлық елдің экономикасына, саясатына, әлеуметтік саласына ықпал етеді, ал оның залалы қоғамның дамуына кері әсерін тигізіп, еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіреді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз

өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

Бүгінгі таңда қоғам дертіне айналып отырған бұл індетпен ел болып, халық болып бірлесе күресуге міндеттіміз. Себебі, бұл жағымсыз дерттен арылу болашағымыз үшін өте маңызды болып табылады.

**Ерлан МАНАПОВ,
Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, подполковник.**

Созақ ауданы әкімі, аудандық мәслихат, аудандық ардагерлер кеңесі, аудандық қоғамдық кеңес Созақ ауданының Құрметті азаматы, меценат, кәсіпкер

Беркінбаев Қайрат Шерәліұлының

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына қайғыларына ортақтаса отырып, көңіл айтады.

Жарамсыз деп танылсын

Жақсыбаев Болат Садуахасұлының иелігіндегі 1988 жылы шығарылған «Уаз 3303» маркалы автокөлігінің «X 807 BRN» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Есім Мұхаммед-Нұр-Бақыт Ақбергенұлының атына берілген әскери билеті және көлік жүргізу куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Мерекелік шара



Өнер көзі-халықта

Ағымдағы жыл еліміз үшін айрықша мерейлі де мерекелі жыл. Қазақстан Республикасы рәміздеріне 30 жыл толып отыр. Мемлекеттік рәміздер – еліміздің егемендегі мен Тәуелсіздігін паш ететін нышандар. Бұл рәміздер біздің мемлекетіміздің өткені, бүгінгі мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі болып табылады. Сондай-ақ, тағы да бір үлкен мереке, ол әрине ұлттық мерекеміз 25 қазан – Республика күні мерекесі.

Осыған орай жуырда Созақ ауылдық мәдениет үйінде «Өнер көзі – халықта» атты мерекелік концерт болып өтті. Аталған мерекелік шараға Созақ ауылының бірқатар мекеме ұжымдары қатысып, кештің көңілді өтуіне атсалысты.

Аталған шарада «Созақ» бөбекжай-балабақшасының ұжымы ерекше дайындығымен көзге түсті. Балабақша ұжымы концерттік бағдарлама аясында өткен түрлі сайыстарға жоғары деңгейлік дайындықпен келіпті. Шара барысында өткізілген «Күз аруы» байқауында «Созақ» бөбекжай-балабақшасы өте жоғары деңгейде өнер көрсетіп, өонақтардың көңілінен шықты. Көпшілік балабақша басшылығы мен ұжымына алғыстарын білдіріп, жұмыстарына табыс тіледі.

Жалпы, Республика күні мерекесіне орай ұйымдастырылған бұл шара жоғары деңгейде өтті десек болады. Себебі, шараға ат салысқан барша Созақ ауылдық округінің мекемелері өздерінің ұйымшылдықтарын көрсетті.

Б.ЖАНДӘУЛЕТОВ.

БЖЗҚ

Сұраңыз, жауап береміз

2) Қайырлы күн, мен қазір зейнеткермін және зейнетақы жинақтарым жеткіліктілік шегінен жоғары, сондықтан емделу үшін зейнетақы жинақтарымның бір бөлігін ала аламын ба?

Заңның (Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңы) 30-бабының 1-тармағына сәйкес БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері белгіленген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемдері және (немесе) зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру ұйымынан сақтандыру төлемдері түрінде міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан жүзеге асырылады. Сондай-ақ, Заңның 31-бабының 1-1-тармағында, 32-бабының 1-1-тармағында көрсетілген адамдарға тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдері түрінде беріледі.

Осылайша, Заңның 31-бабының 1-1-тармағында және 32-бабының 1-1-тармағында МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен біржолғы зейнетақы төлемдеріне, оның ішінде өзіне немесе жұбайына (зайыбына) немесе жақын туыстарына емделуге ақы төлеу мақсатында БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамдардың төменде көрсетілген талаптардың бірі болған кезде құқығы көзделген.

«Созақ үні»-ақпарат.

«Жас өрен -2022» байқауы өтті

2022 жыл «Балалар жылы» аясында «AMANAT» партиясының Созақ аудандық филиалының қолдауымен іс - шараға сәйкес ОКЖ директоры С.Батырбековтің бекітуімен Созақ аудандық балалар кітапханасы ер балалар арасында «Жас өрен -2022» аудандық әдеби танымдық байқауын өткізді.

Байқаудың мақсаты Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жыл балалар жылы деп атауы, кітап дейтін рухани дүниенің құдіретін танытып, мәртебесін асқақтатып, өскелең ұрпақтың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, отансүйгіштікке, батырлыққа баулу, өнегелі құндылықтарды жаңғырту, отбасы мәртебесін арттыру, әр отбасындағы әкелердің беделін арттыру және олардың белсенді ұстанымын қалыптастыру. Аудандық деңгейде алғаш рет ұйымдастырылған байқауға 10-13 жас аралығындағы дарынды балалар әкелерімен бірге, яғни 7 отбасы қатысты. Байқауға қатысушылар 4 кезең бойынша («Тегімді менің сұрасаң...» өзін таныстыру, II кезең «Білімді мыңды жығады», «Bookfighter=Кітап күрескері» Сұрақ – жауап, III кезең Балалар поэзиясы (мәнерлеп жатқа оқу), IV – кезең Үй тапсырмасыәкелерінің қатысуымен «Менің әкем арқа сүйер тірегім» әке мен бала арасындағы қатынасты қалыптастыру мақсатында қатысушы әкесін таныстыра отырып, әкесімен бірге өнер көрсету, видеоролик, «Әке мен бала» тақырыбында жазылған ақын-жазушылардың шығармаларынан көрініс көрсету, спорт түрлерін жарнамалауды ұсыну) сынға түсті.

Байқауға қатысушылардың өнерін бағалап, оқырманның сөйлеу мәнеріне, тіл тазалығына, жан-жақты білімділігіне, сахнада өзін-өзі ұстау мәдениеттілігіне назар аударып баға беру үшін ардагер ұстаз «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты Иманбеков Мұхамедәлі Мұхатұлы, Созақ ауданы «Тілдерді дамыту және оқыту орталығы» КММ директоры Роллан Избасарұлы, Түркістан облыстық Ы.Алтынсарин атындағы балалар кітапханасының инновациялық және әдістемелік бөлімінің меңгерушісі Сәбденқұлова Асия Досыбекқызы қазылар алқасынан орын алды.

Қатысушылар шарттар бойынша өздерін (отбасын видео ролик арқылы) таныстырып, арнайы мектеп бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылған сұрақтарға ұтымды жауаптарын беріп, білімдерін көрсетті. Қазақ отбасындағы ұл баланы тәрбиелеудегі әке ықпалын күшейту, әке беретін тәрбие пәрменін арттыру, отбасындағы әкенің беделін көтерудің жолдарын қарастыру бағытында III кезең бойынша Ескендірұлы Ахмад әкесі Мырзабеков Ескендірмен бірге қол өнерді дәріптеу мақсатында гүл қойғыштыңжа-



салуын көрсетсе, Исахан Дидар әкесі Насыров Ыдырыспен бірге сурет салып, бояды, Ниетқабыл Нұрбақыт әкесі Беркінбаев Асылбекпен жас Төле бидің Әнет бабаға жолығуы туралы көрініс қойылымын, Сүлейман Дарын атасымен бірге Ы.Алтынсариннің «Алтын таға» әңгімесінен үзінді қойылым, Тәңірберген Бақдаулет әкесі Кулбаев Алмаспен «Әке мен бала» көрінісін, Тұрарбек Бекарыс әкесі Мантабеков Беркінмен ең танымал американдық өнертапқыштардың бірі Томас Эдисонның өмірінен үзінді қойылым, Сейділдә Қасиет әкесі Мырзахметов Мұхтармен Жолдасбек Әбдіхановтың «Менің әкем жақсы адам» әнін орындады. Іс-шара барысында қатысушылардың әкелеріне жүргізуші тарапынан бала тәрбиесіне байланысты жағдаяттық сұрақтар қойылды.

Қазылар алқасының төрағасы ардагер ұстаз «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты Иманбеков Мұхамедәлі Мұхатұлы жанұядағы әке мен бала арасындағы қарым - қатынасты нығайту, ұлттық салт - дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екендігін ұғындыру, әкеге деген бала махаббатын ояту мақсатында ұйымдастырылған байқауды қолдайтынын, жалғасын табады деген ойдамыз деген жылы лебізін білдіріп, қазылар алқасының шешімін жариялады.

I орын - Ниетқабыл Нұрбақыт (Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі 4 сынып) әкесі Беркінбаев Асылбек, II орын - Ескендірұлы Ахмад (Н.Төрқұлов атындағы ІТ мектеп лицейі 4 сынып) әкесі Мырзабеков Ескендір Қойшыбайұлы, III орын - Сейділдә Қасиет (Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі, 4 сынып) әкесі Мырзахметов Мұхтар, алғыс хаттармен Исахан Дидар (Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат лицейі) әкесі Насыров Ыдырыс, Сулейман Дарын Жігерұлы (Қаратау ауылы Панфилов мектебі 4 сынып) атасы Тұрлыбеков Талғат Еркебаевич, Тәңірберген Бақдаулет (А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі 4 сынып) әкесі Кулбаев Алмас, Тұрарбек Бекарыс (А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі 4 сынып) әкесі Мантабеков Беркін марапатталды.

Ұлдарына қолдау көрсетіп, іс-шараға белсенділік танытқаны үшін Мырзабеков Мұхтар «Өнерлі әке», Тұрлыбеков Талғат

«Менің әкем осындай», Кулбаев Алмас «Ең мықты ақылды әке», Насыров Ыдырыс «Жігерлі әке», Беркінбаев Асылбек «Әкешім бәйтерегім», Мырзабеков Ескендір «Әке асқар тау», Мантабеков Беркін «Өнегелі әке» номинациясымен марапатталды. Түркістан облыстық Ы.Алтынсарин атындағы балалар кітапханасының инновациялық және әдістемелік бөлімінен Сәбденқұлова Асия Досыбекқызы кітапханата атынан арнайы сыйлығын Тәңірберген Бақдаулетке (А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі 4 сынып) ұсынды.

Балалар жылында іс-шарамызға қолдау көрсетіп I орынға «AMANAT» партиясының Созақ аудандық филиалының атқарушы хатшысы Сағындық Ернар Құралбекұлының, II орынға - Созақ аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Райымқұлов Ерлан Болатханұлының, III- орынға Созақ аудандық пошта байланысы торабының басшысы Смайлов Нұрлан Рысбайұлының, алғыс хаттар бойынша Созақ аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінің директоры Сейділдаев Нұрбек Ермекұлының демеушілігімен сыйлықтар сыйға берілді.

Созақ аудандық балалар кітапханасының ұжымы және кітапхана оқырмандары іс-шарамыздың керемет өтуіне белсенділік танытқан аудан мектеп ұжымдарына, сынып жетекшілеріне, ауыл кітапханашыларына, демеушілік көрсеткен мекеме басшыларына үлкен алғыс білдіреді.

Құрметті оқырмандар балаларымыздың болашағына бейжай қарамай, олардың рухани, дені сау, саналы, ата-анасына мейірімді, өмірде мақсатты тегеурінді, елін, Отанын қорғауға дайын саналы азамат болып қалыптасып шығуына әрқайсысымыз өзіндік үлес қосымыз қажет. Осындай тағылымды іс-шаралар отбасындағы ата-ананың қарым-қатынасы, балаға деген отбасылық жылу сезімдер, баласының тұлғалық қасиеттерін қастерлеу, бағалау, рухани жан дүниесін түсіну, бүгінгі болашақ азаматтарды тәрбиелеуде өте маңызды, девиантты мінез құлықтың алдын алуға нәтижелі ықпалын тигізеді деп ойлаймыз.

Әсем САРЫБАЕВА,
Созақ аудандық балалар кітапханасының кітапханашысы.

Сенімгерлік басқарушы:

«Agro-sozak» ЖШС

Меншік иесі-

«Созақ үні» газеті редакциясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.